

**Қазақстан Республикасы Күзет ұйымдары қауымдастығы Төралқасының
күзет қызметі субъектілеріне
Ү Н Д Е У І**

Құрметті әріптестер!

2019 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Е.З.Тургумбаевтың жеке күзет ұйымдарының басшыларымен кездесуі өтті.

Кездесуде полиция органдарының күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылын одан әрі нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алуға және қоғамдық тәртіпті сақтауға жеке күзет ұйымдарын тарту мәселелері қаралды.

Барлық қылмыстардың үштен екісін (60%-тен астамы) ұрлық құрайды. Пәтер ұрлығы әлі де көп. Бұл ретте пәтер және үй иелерінің тек 5% техникалық күзет және дабыл қондырғыларын өз тұрғын жайларында қолданады.

Күзетілетін объектілердің жанында жаппай іс-шаралар өткізу, неғұрлым криминогендік аудандарды шолу кезінде полициямен бірлескен нарядтарға жеке күзет қызметкерлерін тарту мүмкіндіктері әлі де жеткіліксіз пайдаланылады.

Жеке күзет ұйымдарының басшыларымен кездесуде күзет қызметі және оны ұйымдастыру саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде бірқатар ұсыныстар айтылды.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының күзет ұйымдары Қауымдастығы арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде:

Жеке күзет ұйымдарының басшыларына

- сізді аумақтық ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылды нығайтуға шақырамыз. Күзетшілердің тек күзетілетін объектілерде ғана емес, сондай-ақ оларға іргелес аумақта да құқықтық тәртіпті сақтауға қатысуын көздейтін өзара іс-қимыл туралы олармен Меморандумдар жасау қажет. Криминогендік жағдай шиеленіскен кезде күзетшілер полиция қызметкерлерімен бірлескен патрульдерге бөлінсін;

- ішкі істер органдарына полиция күштері мен құралдарының бірыңғай орналасу жүйесінде қоғамдық тәртіпті сақтауда жедел қимылдайтын мобильді топтарын (ЖҚМТ) пайдалану ұсынылсын. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің белсенді жәрдемімен осындай ЖҚМТ көлігінің арнайы бояуы мен жарқылдауық шамшырағы бар екенін назарға алсын, бұл оқиға орнына жедел келуге мүмкіндік береді. Жұмысты үйлестіру үшін аумақтық ішкі істер органдарымен байланыс жүйесі айқындалсын;

- жеке күзет ұйымдарының күзетшілері ұсталған және полицияға тапсырылған құқық бұзушыларды есепке алсын;

-бұқаралық іс-шараларды, соның ішінде спорттық, мәдени, қоғамдық-саяси және басқа да іс-шараларды ұйымдастырушыларға осы іс-шараларды өткізу кезінде өздерінің күзет қызметтерің ұсынылсын. Мұндай қызметтерге арналған келісімшарттарда ұйымдастырушылар мен күзет ұйымының жауапкершілігі қарастырылсын;

- күзетілетін объектілердің ерекшелігін ескере отырып, Төтенше жағдайлар мен террористік актілер қатерлері кезіндегі күзетшілердің кәсіби дайындығы, іс-қимылдары арттырылсын ;

- елімізде маңызды қоғамдық – саяси іс-шара – Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын өткізуді ескере отырып, өз ұжымдарының қызметкерлерімен

олардың дауыс беруге белсенді қатысуы бойынша жұмыс жүргізілсін. Күзетшілердің тәулік бойы жұмыс істеуін назарға ала отырып, оларға бекітілген учаскелерде уақтылы дауыс беру үшін жағдай жасалсын. Қажет болған жағдайда сайлау учаскелерінде құқықтық тәртіпті сақтауға қатысу қажет.

Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың басшылары мен жеке кәсіпкерлерге

Біз сіздерді халықтың арасында әсіресе пәтерлерді, үйлер мен офистерді күзетуде күзет пен сигнал берудің техникалық құралдарын пайдалана отырып, материалдық құндылықтарды қорғаудың және жеке қауіпсіздіктің орындылығы туралы насихаттау мен түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуге шақырамыз.

Азаматтарға техникалық қорғау мүмкіндігін жеткізу, оларға қарттар мен зейнеткерлер үшін жеңілдіктер мен жеңілдіктер жүйесін ұсыну, азаматтардың басқа санаттары (аз қамтылған, жалғыз басты және тағы басқа) үшін тарифтерге осындай материалдық жеңілдіктер беру мүмкіндігі қарастырылсын.

Ұйымдар мен азаматтарға Қазақстан өңірлерінің климаттық жағдайларына бейімделген, құқық бұзушылықтарды тіркеуге қажетті мүмкіндігі бар сапалы техникалық құралдар ұсынылсын.

Азаматтардың қауіпсіздігі, сіздің нақты ұйымдарыңыздың дамуы және мемлекеттік емес күзеттің барлық жүйесінің имиджі көп жағдайда техникалық құралдардың жұмыс сапасына байланысты екені назарға алынсын.

Жеке күзет ұйымдарының басшылары мен күзетшілерін оқытуға арналған мамандандырылған оқыту орталықтарының басшыларына

Біз сіздерді жеке күзет ұйымдарының басшылары мен күзетшілерін сапалы дайындауға және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға шақырамыз.

Азаматтардың қауіпсіздігі мен материалдық құндылықтардың сақталуы олардың кәсіби білімі мен шеберлігіне байланысты екеніне назар аудару қажет.

Сіздерді оқу үдерісін жеңілдетуге және Мемлекеттік бағдарламалар мен оқу жоспарларын қысқартуға жол бермеуге шақырамыз.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру, олардың құрамын нығайту, оқу базасын жетілдіру, оқу және әдістемелік құралдарды кеңейту орынды деп санаймыз.

Сізге орталықтармен шоғырлануды, жұмыс тәжірибесімен алмасуды, жаңа клиенттерді табу мақсатында Тарифтердің демпингіне (қажетті шығындардан төмен) жол бермеуді ұсынамыз.

Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасы Күзет ұйымдары қауымдастығының төралқасы күзет қызметі субъектілерінің барлық басшыларын өз учаскелеріндегі жұмыс сапасын арттыруға, азаматтар мен ұйымдардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарда өздерінің азаматтық жауапкершілігін көрсетуге шақырамыз.

Төралқа мүшелері:

Калинин А.И.

Ахметов Т.Б.

Кайбагаров Т.К.

Бакенов Б.А.

Вейсалов О.В.

Керимбаев Б.Д.

Ахметкереев Н.И.

Жаманбаев М.С.

Сосорбармаев А.Ц.